

Подагра кезінде N°6 диета

Рекомендуемый характер диеты у больных подагрой

Продукты питания		
запрещаются	ограничиваются	разрешаются
Мясные экстракты Жареное мясо Субпродукты (печень, почки, легкие, мозги) Копчености Мясные консервы Рыбные консервы Рыбапряного посола Острые приправы Специи (кроме уксуса и лаврового листа) Шоколад Какао Кофе Крепкий чай Спиртные напитки	Колбасные изделия Отварное мясо Отварная рыба Сало Грибы Бобовые (фасоль, горох, чечевица) Соления Овощи (шпинат, щавель, сельдерей, цветная капуста, редис)	Овощи (картофель, помидоры, огурцы, морковь, свекла, лук) Фрукты (особенно цитрусовые)

Емнің мақсаттары:

- Жедел подагралық артриттің ұстамасын тез және қауіпсіз түрде тоқтату;
- Подаграның өршу сатысын ремиссия сатысына өткізу, асқынуларының алдын алу;
- Медикаментозды терапия кезінде жанама әсерден дамитын және қосарлана жүретін аурулардың профилактикасы және дер кезінде емдеу


Причины подагры



Больные почки



Неправильное питание



Артериальная гипертензия



Алкоголь



Обилие кофе

Гиперурикемияны төмендететін
(антиподагралық) дәрмектерді
қолданудың жалпы ережелері

Антиподагралық дәрмектер 3 топқа бөлінеді:

- **Урикодепрессиялық** (ксантиноксидазаны тежеу арқылы зәр қышқылының синтезін азайтады)
- **Урикозуриялық** (зәр қышқылының экскрециясын арттыратын)
- **Аралас**

Урикодепрессиялық дәрмектер

- **Аллопуринол** (гидроксипиразолпиримидин, милурит)
- **Тиопуринол**
- **Гепатокаталаза**
- **Орот қышқылы**

Урикозуриялық дәрмектер

- **Бенемид** (пробенецид)
- **Антуран** (сульфинпиразон)
- **Этамид**
- **Бензобромарон** (дезурик)
- **Уродан**
- **Кетазон**

Аралас әсерлі антиподагралы қ дәрмектер

- **Алломарон**-құрамында 100мг аллопуринолы және 20 мг бензоброманы бар дәрмек. Урикодепрессиялық және урикозуриялық әсер етуінен несеп жолдарында тас түзілуіне жол бермейді және аллопуринолдың жанама әсерін азайтады.
- Қолдану кезінде зәр қышқылы синтезі едәуір азаяды, ал оның экскрециясы қалыпты деңгейде болады.
- Күн сайын қолданған алломаронның 2-3 таблеткасы 3-4 аптада урикемияны қалпына келтіреді. Ем 3-6 ай, одан да ұзақ жүргізіледі
- Қарсы көрсетілімдері: жүктілік, лактация, бүйректің созылмалы жеткіліксіздігі, 14 жасқа толмаған балалық шақ
- Жанама көрсетілімдері: аллергиялық реакция, диспепсиялық бұзылыстар, лейкоцитопения, тромбоцитопения

АЛЛОПУРИНОЛ

- *Ксантиноксидаза ферментін тежеп, гипоксантиннің ксантинге және зәр қышқылына айналуын бөгейді, яғни пуриндердің ыдырауын ксантин деңгейінде тоқтатады. Сондықтан ксантиннің қандағы және зәрдегі концентрациясы бірнеше есе жоғарылайды. Аллопуринол әсерінен зәр қышқылының концентрациясы қанда да, несепте де азаяды, осыдан несеп жолдарында ураттық тастардың түзілу қаупі жоғарылайды. Ксантинемия және ксантинурия бүйрекке зақым келтіруі мүмкін, өйткені несеп жолдарында ксантиндік тастардың түзілуіне септігін тигізеді.*
- Қолдану көрсетпелері:
 1. Біріншілік және қан ауруларына байланысты екіншілік подагра
 2. Біріншілік және екіншілік гиперурикемиялық нефропатия
 3. Бүйректе тастардың қайталанып түзілуі
 4. Ірі тофустары бар созылмалы артропатия, егер тофустардың кішіреюінен буындар функциясы жақсаратын болса

0,1 және 0,2 г таблетка түрінде 6-12 ай үздіксіз емдеу жүргізіледі.

Урикозуриялық дәрмектер

- Урикозуриялық дәрмектер ураттардың түтікшелік реабсорбциясын төмендету арқылы несеп қышқылының бүйректен бөлінуін арттырады.
- Қолдану көрсетпелері:
 1. Подаграның бүйректік түрі, егер подагралық нефропатия болмаса
 2. Подаграның аралас түрі, егер несеп қышқылының тәуліктік экскрециясы 2,7 ммоль кем болса
 3. Аллопуринолдың жақпауы